

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

Досмаганбетова С.Т.

(ғылыми жетекші – педагогика ғылымдарының кандидаты Д.Н.
Асанова)

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қазақстан, Қарағанды қаласы

Андатпа: бұл мақалада мектеп оқушыларының ағылшын тілі сабақтарында сын тұрғысынан ойлауды дамыту мәселелері қозғалады, сонымен қатар оны дамыту барысында қолданылатын негізгі әдістері мен стратегиялары қарастырылады. Мақаланың ерекшелігі – мұғалім жұмыс тәжірибесімен бөліседі және жұмыстың нақты бағыттарын ұсынады. Автор сын тұрғысынан ойлауды дамыту арқылы оқушылардың сөйлеу, ойлау дағдыларын қалыптастырады деп түйін жасайды. Мақала мектептегі ағылшын тілі мұғалімдеріне қызықты болады деп болжайды.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, сабақ құрылымы, кезеңдер, сын тұрғысынан ойлау, түсіну, білу, талдау.

Елбасымыз мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту мен қалыптастыру қажеттілігін атап өтті. Білім берудің жақсаянуы кезеңінде заманауи мектеп мұғалім туралы түбегейлі жаңа идеялардың пайда болуына алып келді. Оқушыларға жаңа білім беріп қана қоймай, сонымен қатар балаларды оқуға үйрететін, осы процесті ұйымдастыратын, білім беру үдерісін тартымды және қызықты етіп және сол алған білімдері оқушыларға өмір бойы қажет болатындай білім беретін мұғалім қажет. Ал осыған жету технологияларының бірі – сыни тұрғыдан ойлауды дамыту [1, 12].

Сабақ барысында біз қандай мақсатты көздейміз: оқушылардың кейбір «тұжырымдарды» жаттап алғанын ба, әлде сол тұжырымдарды түсініп және олармен не істеу керектігін білгенін бе? Екіншісі, оқушылардың берілген жағдайға күмән келтіріп сұрақ қоюын, содан кейін оларға жауап іздеуін талап етеді. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту – ол күрделі тапсырманың бірі болып табылады және сол себептен де когнитивті психологияның анықтамалары мен тұжырымдарына бет бұру керек.

Когнитивтік психологияның негізін салушылар интеллект критерийлерін жасады. Бүгінгі таңда олардың бірнешеуі белгілі, олар белгілі бір деңгейлерді кеңейту немесе тарыту немесе оларды өсу, кемулеріне сәйкес басқа тәртіпте бөлу арқылы ерекшеленеді. Бұл жерде мұғалімге осы деңгейлерді «көруді» үйрену маңыздырақ деп есептеймін, соның негізінде сабақта оқушылардың тапсырмаларын әзірлеп, материал бойынша сұрақтар дайындап, бақылау кезінде оқушыларды сапалы бағалауды көңіл бөледі [1, 27].

Американдық педагогикада адамның ақыл-ой қабілеттері мен таным процесі бірте-бірте бір деңгейден екінші деңгейге – қарапайымнан күрделіге ауысатындай етіп құрылады деп есептеледі. Блум таксономиясы бойынша ол келесідей көрініс табады:

- ✓ Ең төменгі деңгей – БІЛІМ деңгейі, бұл кезде оқыту есте сақтауға, жаттап алуға жіне танып білуге бағытталған;
- ✓ Одан кейін ТҮСІНУ деңгейі, яғни оның мақсаты – әңгімелеп беру, бір күйден екінші күйге көшу, өз сөзімен жеткізу;
- ✓ ҚОЛДАНУ деңгейінде негізгі мақсат – белгілі бір жағдайларды шешу, қандай да бір нәтиже алу үшін ақпаратты қолдану;
- ✓ ТАЛДАУ деңгейінде бұл тұтасты көру үшін бөліктерге бөлу, қарым-қатынастың ішкі құрылымын табу, мотивтерді ажырату;
- ✓ СИНТЕЗ деңгейінде – ауызша немесе белгілі бір нысан түрінде қайталанбас, бірегей туынды жасау;
- ✓ Ал ең жоғарғы деңгейде – бағалау деңгейінде – бағалау шешімдері қабылданады, қарама-қарсы немесе әртүрлі көзқарастар шешіледі [4].

Сонымен, шет тілдері сабақтарында сын тұрғысынан ойлауды дамытуды жүзеге қалай асыруға болады?

Бір жағынан бұл қиын, өйткені ерекшелігіне байланысты бұл пәнді меңгеру «сырттан жасалған» репродуктивті ортаның үлкен көлемін талап етеді. Дегенмен, шет тілін оқыту өзінің коммуникативтік сипатына байланысты әрқашан шығармашылық сипатымен, өзіндік сөйлеу өнімдерін жасауға көбірек көңіл бөлуімен ерекшеленді. Мұның бәрі шығармашылықты, дербестікті және сыни ойлауды қажет ететіні сөзсіз. Осы ұстанымды негізге ала отырып, мен ағылшын тілі сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдерін қажетінше қарапайым жіне барынша қажет деп есептеймін [2, 47].

Бұл әдістің түп негізі үш кезендік сабақ құрылымына негізделген.

Мизга шабуыл (мозговая атака) (evocation) (I) Бұл кезеңде бұрыннан алған білімді өзектендіру, жаңа тақырыпқа қызығушылығын ояту, оқушылардың өзіндік оқу мақсаттарын қою жүзеге асады.

Мысалы, бұл кезеңде «Танысу» тақырыбы бойынша «жіңішке» және «жуан» сұрақтар әдісін қолдану тиімді деп санаймын/“Speaking about a new friend” 5-ші сыныптарда.


| <i>“thin” questions</i> | <i>“thick” questions</i> |
|-------------------------|-----------------------------------|
| Where are you from? | Why do you like Christmas? |
| How old are you? | Why are you sad? |
| When is your birthday? | Do you like winter? Why? Why not? |
| Have you got a pet? | What do you do to help your mum? |

1-сурет

Poets

Writers

Дәл осы кезеңде «Кластерлер» (ағылшынның cluster, яғни топтау, топтама) әдісін қолдануға болады деп есептеймін. Бұл әдістеменің мәні мынада: кез келген құбылысқа қатысты ақпарат осы түйінді ұғым төңірегінде кластерлер (топтамалар)



Мазмұнды түсіну кезеңі (realization of meaning). Бұл кезеңде жаңа ақпарат алынады, оқушылар өз мақсаттарын реттейді. Естеріңізде болса, бірінші кезеңде оқушылар өз танымының бағыттарын анықтаған болса, онда мұғалім түсіндіру барысында күтілетін және қойылатын сұрақтарға сәйкес көңіл аудару мүмкіндігі бар. Бұл кезеңдегі жұмысты ұйымдастыру әртүрлі болуы мүмкін. Бұл әңгіме, лекция, жеке, жұптық не топтық оқу немесе бейне көру болуы мүмкін. Түсіну кезеңін жүзеге асыру барысында студенттердің миға шабуыл кезеңінде құрылған белсенділігін сақтау басты міндет болып табылады. Бұл кезеңде «Инсерт» әдісі қолданылады. Бұл әдіс лексикалық және грамматикалық тапсырмаларды орындауға көмектеседі. Мысалы, 11-сыныпта «Судың ластануы» тақырыбын өткенде «Арал теңізінің жағдайын бақылау» бақылауды ұсынамын. Оқушылар ақпаратты шығарады, конспект жасайды, ұсынылған кестені толтырады.

2 - сурет

Мұғалімнің келесі міндеті мына құрылымды пайдалана отырып бағалауды үйрету: *lecture* бұл мақсаттарын қолдану қамтиды ақпарат өз біліміне айналады. Кері дағдыларын дамытуға белсенді ықпал етеді.

Прием «Обучение оценочному высказыванию»

- I think that... (я думаю, что...)
- I didn't know that... (я не знал, что...)
- In my opinion... (по моему мнению...)
- It is new for me... (для меня это новость...)
- I don't understand why... (я не понимаю, почему...)

3-сурет

London
Foggy, majestic
Waiting, welcoming, surprising
I want to visit it some day
A dream

Бұл кезеңде мен өзімнің сүйікті синквейн әдісін қолданамын. Француздың «cinq» – бес сөзінен шыққан. Бұл бес жолды өлең. Материалды синтездеу тәсілі ретінде қолданылады. Бұл әдіс лексикалық және грамматикалық тақырыптарды қамтиды [3, 35].

Өзімнің бар тәжірибемнен бұл технология бойынша айтарым, «Сын тұрғысынан ойлауды» дамыту технологиясының көптеген жағымды қасиеттері бар және оны шет тілдерін оқыту тәжірибесіне белсенді түрде енгізуге болады. Бұл технологияның жағымды жақтарына мыналарды жатқызуға болады: бұл технологияның әдістемесі оқушыға қателесуден және мұғалімнің түзетуінен қорықпай, оқылатын тақырып бойынша өз көзқарасын

еркін жеткізуге, барлық мәлімдемелерді жазып алуға мүмкіндік береді: өйткені олардың кез келгені жұмыстың жалғасуы үшін маңызды болады. Ал мұғалімнің жеке, жұптық және топтық жұмыстарды біріктіру мүмкіндігі бар: жеке жұмыс әр оқушының білімі мен тәжірибесін жаңартуға, топтық жұмыс – басқа пікірлерді тыңдауға, өз көзқарасын қателеспей жеткізуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. А.А. Миролубова. Редакциясы // Шет тілдеріне оқыту әдістемесі: дәстүр мен қазіргі заман/ – Обнинск: Титул, 2010 [12], [27].
2. *Боно Э. Учите своего ребенка мыслить-* Мн.: ООО “Попурри”, 2005. [47]
3. *Заур-Бек С.И. Сабақта сыни тұрғыдан ойлауды дамыту: оқу орындарының мұғалімдеріне арналған нұсқаулық.* М.: Просвещение, 2011 [35].
4. Электронные ресурсы
<http://www.inform.kz/kaz/article/2478586>

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ, НА ПРИМЕРЕ INSTAGRAM-СТРАНИЦ

Егорова В.А.

(научный руководитель — ст. преподаватель Осипович А.В.)

Карагандинский университет

им. академика Е.А.Букетова, г. Караганда, Казахстан

Аннотация: В данной статье раскрываются возможности использования современных информационных технологий в процессе обучения иностранным языкам. В качестве примера современной платформы для изучения выбран Instagram, как один из наиболее популярных Интернет-сайтов среди населения. Приведены примеры аккаунтов для изучения иностранного языка.

Ключевые слова: информационные технологии, иностранные языки, смарт-технологии, социальная сеть, вебинар, Instagram.

Стремительное развитие информационных технологий и рост популярности социальных сетей определили новое понимание взаимодействия и общения. На сегодняшний день каждый пользуется информационными технологиями. Что же такое информационные технологии в ежедневной практике? Мы используем их для множества целей: поддержание общения с родными и близкими, осведомление о текущих местных и мировых событиях, развлечение. Но, можно ли применять плотно внедрившийся в нашу жизнь Интернет в целях обучения?